

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-10 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № ҚР ДСМ-41/2020 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 сәуірде № 20484 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 30.10.2020 № ҚР ДСМ-170/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 23-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 5 қыркүйектегі № ҚР ДСМ-10 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17353 болып тіркелген, Нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2018 жылғы 12 қыркүйекте жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ақы төлеуі жаңа COVID-19 коронавирусының пандемиясына байланысты төтенше жағдайда медициналық және медициналық емес ұйымдарға жүзеге асырылатын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерге арналған тарифтер осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күнінің ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі

Е. Биртанов

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2020 жылғы 24 сәуірдегі
№ ҚР ДСМ-41/2020 бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 5 қыркүйектегі
№ ҚР ДСМ-10 бұйрығына
23-қосымша

Ақы төлеуі жаңа COVID-19 коронавирусының пандемиясына байланысты төтенше жағдайда медициналық және медициналық емес ұйымдарға жүзеге асырылатын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық қызметтерге арналған тарифтер

р/с №	Атауы	Өлшем бірлігі	Тариф теңге
1	Карантиндік емдеуге жатқызу бойынша тариф	төсек-күн	1 0413,96
2	Провизорлық емдеуге жатқызу бойынша тариф	төсек-күн	1 1619,8
3	Тәулік бойы стационарлардағы емделген жағдай үшін тариф	төсек-күн	1 5113,34
4	Полимеразды тізбекті реакция әдісімен биологиялық материалдан COVID-19 вирусының РНК-сын анықтауға диагностикалық зерттеу тарифі	қызмет	1 1499,46

Ақы төлеуі жаңа COVID-19 коронавирусының пандемиясына байланысты төтенше жағдайда медициналық және медициналық емес ұйымдарға жүзеге асырылатын, тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде медициналық

Жылы беру маусымы ұзақтығының коэффициенттері

№	Өңірдің коды	Облыс	Жылыту маусымы ұзақтығының коэффициенті
1	11	Ақмола облысы	1,0049
2	15	Ақтөбе облысы	
3	35	Қарағанды облысы	
4	39	Қостанай облысы	
5	55	Павлодар облысы	
6	59	Солтүстік Қазақстан облысы	
7	63	Шығыс Қазақстан облысы	
8	71	Нұр-Сұлтан қаласы	
9	23	Атырау облысы	1,0028
10	27	Батыс Қазақстан облысы	
11	47	Маңғыстау облысы	
12	43	Қызылорда облысы	
13	19	Алматы облысы	1,0000
14	31	Жамбыл облысы	
15	51	Түркістан облысы	
16	75	Алматы қаласы	
17	51	Шымкент қаласы	

Ақы төлеуі жана COVID-19
коронавирусының
пандемиясына байланысты
төтенше жағдайда медициналық
және медициналық емес
ұйымдарға жүзеге асырылатын,
тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде медициналық
қызметтерге арналған
тарифтерге
2-қосымша

Экологиялық коэффициенттер

№	Өңірдің коды	Облыс	Өңір	Коэффициент
1	1536	Ақтөбе облысы	Байған ауданы	1,0779
2	1548		Мұғалжар ауданы	1,0779
3	1556		Темір ауданы	1,0779
4	1564		Шалқар ауданы	1,2595
5	1568		Ырғыз ауданы	1,0779
6	3560		Ұлытау ауданы	1,0779

7	3548	Қарағанды облысы	Қарқаралы ауданы	1,0243
8	4310	Қызылорда облысы	Қызылорда қ.	1,1557
9	4319		Байқоңыр қ.	1,1557
10	4332		Арал ауданы	1,2595
11	4336		Жалағаш ауданы	1,1557
12	4340		Жаңақорған ауданы	1,1557
13	4344		Қазалы ауданы	1,2595
14	4346		Қармақшы ауданы	1,1557
15	4348		Сырдария ауданы	1,1557
16	4352		Шілікті ауданы	1,1557
17	5116		Түркістан облысы	Арыс қ.
18	5126	Түркістан қ.		1,0779
19	5148	Отырар ауданы		1,0779
20	5156	Созақ ауданы		1,0779
21	5164	Шардара ауданы		1,0779
22	6332	Шығыс Қазақстан облысы	Абай ауданы	1,0283
23	6318		Аягөз қ.	1,0243
24	6334		Аягөз ауданы	1,0243
25	6336		Бесқарағай ауданы	1,0283
26	6338		Бородулиха ауданы	1,0243
27	6340		Глубоковск ауданы	1,0243
28	6344		Жарма ауданы	1,0243
29	6346		Зайсан ауданы	1,0202
30	6320		Зырян қ.	1,0202
31	6348		Зырян ауданы	1,0202
32	6350		Көкпекті ауданы	1,0202
33	6322		Курчатов қ.	1,0243
34	6324		Риддер қ.	1,0243
35	6328		Семей қ.	1,0243
36	6358		Тарбағатай ауданы	1,0202
37	6362		Ұлан ауданы	1,0243
38	6364		Ұржар ауданы	1,0202
39	6368		Шемонайха ауданы	1,0243
40	6310		Өскемен қ.	1,0243
41	5552		Павлодар облысы	Аққу ауданы
42	5556	Мамыр ауданы		1,0243
43	5536	Баянауыл ауданы		1,0162

Ақы төлеуі жана COVID-19
коронавирусының
пандемиясына байланысты
төтенше жағдайда медициналық
және медициналық емес
ұйымдарға жүзеге асырылатын,

тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде медициналық
қызметтерге арналған
тарифтерге
3-қосымша

Байқоңыр қаласында, Төретам және Ақай кенттерінде тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына медициналық қызмет көрсететін медициналық ұйымдар үшін түзету коэффициенті

№	Медициналық ұйымның атауы	Түзету коэффициенті	
		КДҚ	стационар
1	Қызылорда облысы денсаулық сақтау басқармасының "Байқоңыр қаласының көпбейінді ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	1,0691	1,0121

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК